

ӘОЖ 02.41.11

## **ҚОНАҚЖАЙЛЫЛЫҚ – АНТРОПОЛОГИЯЛЫҚ ФЕНОМЕН**

**Аманжолова Анаргүль Азаматовна**

[anara\\_106@mail.ru](mailto:anara_106@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың «Философия» мамандығы магистранты

Ғылыми жетекшісі - Адаева Г.А.

«Қонақжайлылық» түсінігін стандартты тұрғыда, адамның келген қонаққа деген ілтипат пен ізетпен қарауы деп түсінеміз. Бірақ, қонақжайлылықты философиялық объект ретінде қарастырған ғалымдар аз. Сонда да, қазіргі уақытта «қонақжайлылық» тұжырымдамасы жоғарғы әлеуметтік маңызы бар және мәдениетаралық қарым-қатынаста үлкен рөл атқарады. Авторлар қонақжайлылықтың түрлі түсіндірмелерінде, біріншеден, адамның мінезіне, оның сапасына, өзін ұстауына, қонақтарды тамақтандыруына назар аударады. Ал, екіншіден, қонақжайлылықты бизнестің бір түрі ретінде қарастырады, яғни, қызмет көрсету саласы ретінде [1, 66 б].

Қонақжайлылық – мәдениетаралық және транстарихилық құбылыс. Оның іргетасы алғашқы қауым дәуірінде пайда болды. Түрлі тайпалардың мүшелері аң аулауға және жерді жинауға қатысқан кезде, тайпалық қақтығыстар жағдайында өзара қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында қонақжайлылық керек болды. Сонымен қатар, кейбір жазбаларда қонақжайлылық сөзі ескі француз сөзі *ospis* – біртүрлі қабылдау деп жобаласа, енді біреулері латын сөзі *hospitalis* дегенді, яғни қонақжайлылық дегенді білдіреді деген. Қонақжайлар деп – осылай антика заманында өз үйінде, отбасымен қоса күтетін адамдарды атаған. Американдық зерттеуші Дж. Уокер қонақжайлық феноменінің қалыптасу себептерін былай пайымдайды: «тұйықталмаған әлемде өмір сүруі үшін, ол (адам) немесе оларды (басқа тайпаларды) жойып жіберуі керек, немесе «бөтен арасындағы өз адамы» болуы керек, яғни, біреулердің тұйық кеңістігіне солармен уақытша болу үшін жіберілуі тиіс, тіпті олардың жәрдемі мен қолдауын көруі де мүмкін, тек олар сенің территорияңа өткенде дәл осылай қарым қатынас жасау кепілдігіне айырбас ретінде. Бұл қонақжайлық емей немене» [2, 5 б.]. Сонымен қатар, Эдмон Джабестің «Қонақжайлылық кітап» атты еңбегінде өзін өзі қамтамасыз ететін философиялық өндіріс және тіпті онда қонақжайлылықты түсінуге

байланысты мәселелер көтеріледі. Бірақ, бұл еңбекте адамның өмірі мен маңызы жайлы да айтылады. «Қонақжайлылық - жақсы хабар алу» деп айта кете өзінің «қонақжайлылықтың тілі» деген бөлімінде:

Ауыздан ауызға жеткен сөздер өзгереді ма?

- Неліктен менің еліме келдің?

- Басқаларына қарағанда, сенікі мейірімдірек.

- Менің отаныма деген ризашылығым әлі күнге дейін арамыздағы жанжалдаушылықты ақтамайды.

- Мен сен үшін неге жаман болып көрінемін?

- Бейтаныс, сен мен үшін мәңгі жат жерліксіз адамсың. Өз үйіңізде тұрыңыз, мұнда емес.

- деп, айта келе, қаншалықты тілді үйреніп, оқысан да, толығымен сол елдің тамырлы халықы болмайды. [3, 26, 30 б.].

Соңғы онжылдықтар қонақжайлылық ұғымына, осы саладағы зерттеу жұмыстарына деген қызығушылық арттырылуда. Қонақжайлылықты тек этнографиялық немесе этикет түсінігінде әлеуметтік, әлеуметтік - мәдени аналитикалық зерттеулерде тұжырымдамасы ретінде қарастырылмаған. Саяси тұрғыда қонақжайлылық тақырыбы көші-қондардың, баспанасы жоқтардың мәселесі де болып келеді.

Көші - қон процестері қарқындап келе жатқан жағдайда, мәдениетаралық алмасулар, яғни, «өзімдікі-бөтен» көптеген жағдайда «қауіпті» жақындықта болуы мүмкін. Жиі «бетпе-бет» болған кезде, бұл кездесудің тұжырымдамалық қатаң артикуляциялық проблемасы туындайды, осы жағдай болашақта тек "өркениеттер қақтығысына" ғана емес, сонымен қатар барлық өлшемдерге-әлеуметтік ұсақ "қақтығыстардың" шексіз сериясына, әлеуметтіктен экзистенциалдыққа дейін алып келеді.

Қонақжайлылық жағдайын модельдеудің екі негізгі тәсілі бар, яғни феноменнің өзі де бар: бұл тек жеке, этнографиялық, дәстүрлі қоғам немесе тарихи дәуірмен анықталған, бірақ жалпы алғанда, жүзеге асырылмаған- бұл жағдайды жолда кездесетін қонақжайлылықтың әр түрлі көріністеріне бейімдеу [4]. Мұндай тәсілдің жарқын мысалы болып саналуы (әрине, қонақжайлылықтың жекелеген мәселелеріне немесе жекелеген халықтардың әдет-ғұрыптарына арналған этнографиялық зерттеулерден басқа) Эмиль Бенвенистің қонақжайлықты зерттеу, ол үшін қандай да бір үндіропалық қауымдастықты сипаттайтын әлеуметтік құбылыстар және жалпы антропологиялық конструкторларға қарағанда, нақты әлеуметтік практиканың мәнері болып табылады. [5, 66 б.] Бенвенист, "қонақжайлылық", "бөтен", "елші" және басқа терминдерінің арасындағы даму мен байланыстың тілдік көрінісін толық беруге ниет білдіре отырып, халықтардың дамуының жалпы жолдарына сүйеніп, жеке тәжірибені назарға алды. Бір жағынан, ол дұрыс, өйткені дәл әлеуметтік процестер қонақжайлылық институтының қандай да бір түріне әкеледі. Екінші жағынан, әлеуметтік процестер тек қана кенеттен емес, оларды жеке тәжірибемен толтыру үшін түсініксіз символдармен және жекелеген жағдайлық әлеуметтік байланыстармен әрекет етеді. [1; 5]. Ол адам және адам қоғамы туралы білімнің кең ауқымының заманауи және дәстүрлі деп түсіндіруге болады деп болжануда.

Екінші тәсіл — жалпы, философиялық. Ол "мен" – "басқа" немесе кеңінен, "мен" – "мен емес" ұғымдарының оппозициясы арқылы құрылады. [6; 5 б]. Ол адам және адам қоғамы туралы білімнің кең ауқымын заманауи және дәстүрлі деп түсіндіруге болады деп болжануда. Мысалы, көшпенді араб халқында, кімде кім үйдің шатырына қолын тигізетін болса, қонақ деп есептелінеді. Қонақты жылы қарсы алып, үш күн қонақ ретінде күткен. Осы үш күннің ішінде үй иесімен жақсы қарым - қатынаста орнатпаса, ұрлық пен адам өлтіруге дейін барады деп күдіктенетін. Ал, ортағасырларда қонақ күтудің функциялары өзгере бастаған. Яғни, төмен сатылы адамдар жоғары сатылы адамдарды қонақ ретінде қарсы алуға міндеттелген. Мысалы, Солтүстік Кавказда феодалға тәуелді шаруалар, өзінің феодалының қонағын күтіп, оған қызмет еткен. Ал, феодалдар вассалдарда көпке қонақ ретінде қалуына мүмкіндік болған. Осыған байланысты орта ғасырда Батыс Еуропада қонақжайлылықтың

негізгі түрлері айқын бөліне бастаған. Олар: 1) мейірімді қонақжайлылық; 2) христиандық шіркеуінің қонақжайлылығы; 3) корольдік және сеньорлік күту; 4) ақылы қонақжайлылық. [7, 120 б]. Ал, заманауи уақытта қонақжайлылықтың құқықтық регламенті бар. Мысалы, ауылдық тұрғындар күтпеген қонақты қуана қарсы алады, ал, қала тұрғындары болса, тек уақытылы шақырған қонағын күтуге дайын. Бірақ, қонақты күту, оған қамқорлық көрсетулі қазір де сақталған.

Шын мәнінде, "мен" – "басқа" екілік анализі арқылы жүзеге асырылатын қазіргі заманғы әлеуметтік құбылыстарды түсіндіру және осы құбылыстардың негізгі принциптерін табуға көмектеседі. Бұл жерде қазіргі заманғы көші-қон феноменін зерделеуді еске алуға болады: бірлі-жарым, сондай-ақ жаппай саяси босқындар немесе табыс іздеуде жүрген адамдарды. Осы жайлы Ален Монтандон, саяси қонақжайлылық-қонақжайлылық емес мүлдем, бұлі қоғамдық көрініс [8]. Алайда, мұндай тепе-теңдік саясаткердің немесе этнографтың емес, философтың тұрғысынан ақылға қонымды болып көрінеді.

Адам пікірі бойынша дәстүрлі мәдениетте әлем екі салаға бөлінеді: «өзім» және «бөтен». Адам қонысы – әлемнің орталығы, игерілген, құрылымдалған кеңістік, бейіндік әлем. Қонақтың қонысы – бөтен, игерілмеген, белгісіз, басқа өлшем әлемі, киелі әлем. Киелі нәрсе өзі толығымен киелі емес, бірақ белгілі бір жағдайларда болуы мүмкін. Адам өз ортасында зайырлы әлемде өмір сүргеней болса, басқа жерге саяхаттап кеткен уақытта бөтен болып есептеледі. Сол уақытта сакралды сфераның айналасында болады. Қонақжайлылық рясімінде қонаққа сакралды пішін ретіне қарайды. Сакралды мейманның бірнеше қасиет бар, мысалы, жолаушыдан қайда? не үшін? неге? деген сұрақтар қоймау керек. Қонақ өзі біледі айтап десе, айтады, есімін де айтпауы да мүмкін. Қонақжайлылық рясімі бойынша қонақты оның кім екендігіне қарамастан, өзінің жоспарына толық бағындыру үшін ұйымдастырылған. Мысалы, орыс ертегілерінде Иванушка мыстан кемпірге: "бірінші мені тамақтандыр, тойдырып, баняға жібер, ал содан соң сұрайтынынды сұра",- дейді. Осыдан байқайтынымыз, қонаққа көңіл бөліп, шаршағанын басып алған соң, қандай мақсатпен келгенің сұрауға мүмкіндік алуға болады.

Н.И. Толстой – дің редакциясымен «Ежелгі славяндықтар» атты бес томдық этнолингвистикалық сөздікте, қонақ бұл «өзімдікі» және «басқа» сфераларын қосатын адам, сакралдық пен құрметтеу объектісі, өзге әлемнің өкілі ретінде көрсетілген. [9. 531б]. Әлемге әйгілі антрополог, дінтанушы, этнолог, алғашқы магия мен діни сенімдерге, өзге ұлт өкілдердің дәстүрлерін зерттеуде «Алтын бұтақ» атты 12 томдық еңбекті жазған Джеймс Фрезер, өзінің жазбаларында, көптеген ұлттарда келген бөтен адамдарды «өз бойында жақсы, пайдалы табиғаттан тыс қасиеттері бар немесе зиян келтіретін діни - магиялық күші бар сакралды жаратылыс» ретінде қараған болатын [10.297 б]. Осыған байланысты бейтаныс адамдардан белгілі бір күші бар, магиялық сиқыры бар, зақым келтіретін адам ретінде қорқа бастаған еді. Сондықтан, көптеген мәдениеттердемагиялық сиқырдан сақтанудың, қорғану шаралары қарастырыла бастаған. Оған қоса, «бөтенді» «қонаққа» айналдырудың рясімдері өткізілетін болған.

Т.Б. Щепанскаяның ойы бойынша, қонақ статусы «екі стратегия арқылы анықталады: біріншіден, оның бейімделуі, яғни, үй жүйесіне өту, «өзіміздікі» деген әлеуметтік регуляция болса, екіншіден, физикалық зорлық-зомбылық немесе жай әлеуметтік оқшаулауланудан бас тарту стратегиясы-қуғындыру [11.355 б]. Иеліктен шығару стратегиясы қонақтың адамзат дүниесіне толық еместігін, жан-жақты немесе аспан күштерімен байланысты түсінігін сақтауға негізделген. Осыған байланысты үш негізгі статустық түсінікті бөлігу болады, яғни: қонақ/тұру (қонақ пен тұрғын); магиялық күш (сиқыршы, бақсы, емші); Құдай (кедей, саяхаттаушы, пайғамбар, елші, қажы).

Кездесу және қонақжайлылық әдет-ғұрыптары бірқатар дәйекті іс-әрекеттерді қамтыды, оларды жүзеге асыру тәртібі қатаң сақталған: « тоқтау, күту, өту, кіру, қосу» [12.31-32 б.]. Индивидуум мәртебесінің өзгеруіне байланысты міндетті рясімдер жүйесі Геннец Арнольдтің «Көшу рясімдері» атты жұмысында егжей-тегжейлі сипатталған. Геннеп бойынша мұндай салттың толық схемасы үш жалпы сатыдан тұрады: бөлімше, аралық, қосу.

Бұл реттілікті қонақжайлылық институтының мысалында қадағалайтын болсақ. Қонақжайлылықтың күрделі рәсімі келесі құрылымға ие:

1. Прелиминарлы әдет-ғұрыптары - ежелгі әлемнен қонақты бөлу;
2. Лиминарлық рәсімдер-қонақ өз кеңістігіне ие емес, бірақ, оны қабылдайтын қауымдастықтың бір бөлігі де емес.
3. Постлимарлық рәсімдер - араласу, бөтен адамды жаңа әлемге қосу, содан кейін ол «өзіндік» ретінде қабылдануы керек.
4. Сублимарлық рәсімдер-қонақты «өз» кеңістігінен шығару және оны «бөтен» әлемге қайтып шығарып салу.

Прелиминарлы әдет-ғұрыптарға қонақты сыртқы әлемінен алыстатын іс-әрекеттер жатады. Кейбір іс-әрекеттер қазіргі уақытқа жейін сақталған. Оған қонақтың ійге кірген уақытта бас киімін, сырт киімін шешіп, бет - қолын жуып кіруін атайды. Осы әдеттің негізгі мақсаты - келген адамның үй нормаларына бейімдеу, бұл жатсыну сапасын жоғалтуы және бөтен істердің жолсерігі болмауы үшін арналған. Тұрғын үйге кірер кезде қол мен адамды жуу жолдарды шаңнан тазартуды ғана емес, сонымен қатар дабыл және иеліктен айыру жол әдеттерін шектеуді де білдіреді. Жол жамылғысын шешіп, қонақ жол келбетін сәндейді, сонымен бірге «басқа» мәртебесінен де «өз» мәртебесіне ауысады. Кірген қонақтың денесінде тек белдік қалады. Белдіктің көмегімен «өзінің» және «бөтен» адамның арасындағы байланыс орнатылады. Тамақ жеп болған соң өзін өз үйіндей сезіну үшін, белдігін шешеді немесе бесотады. Бұл белгі үй қожайынының алдында өзінің жанын ашқан белгі.

Лиминарлық рәсімдер екі жақты қарым-қатынасты жақсарту. Бұл дәстүр «бөтендіктен» «өз» леміне ауысу - қожайын әлемі. Өз әлемімен байланысын үзіп, екі ортада қалып қояп, ақырындап өзіміздікі дегенге ауысу. Осыған: салтанатты кіру, сәлемдесудің вербалды формулалары, сәлемдесу (қол алысу, сыйлықтар алмасу, мұрынмен жанасу). Кездесудің негізгі рәсімі табалдырықта өтті. Үй қожайынының "Кірі" деген сөзі, үстелге төрлетуі немесе кетерде жолдың алдында отыру қазіргі уақытқа дейін сақталған.

Постлимарлық рәсімдер бөтен адамды өз ортасына қосу мақсатында бірге үстел басына отыру, тұз беру, ас ішіп болған соң құдайға рақмет айту, бала асырап алу жатады.

Сублимарлық рәсімдерге біріншіден, қонақ өзіміздікі деген атмосферада көбірек қалу керек, екіншіден, қонақта үй иелеріне деген позитивті көз қарас сақталу керек. Қонақпен қоштасқан уақытта, сыйлықтармен алмасу, бірігіп тамақ ішу, тілектер мен жазалаулар, кейде құрбандық шалу рәсімдері де болған. Қонақтың әлеуметтік мәртебесіне байланысты жолда шығарып салу да болған. Мысалы, оңтүстік славяндарда, егер, үй қожайыны дұрыс қонақты шығарып салмаса, аралар жеміс беруді қояды, мал басы азаяды деп сенген. Сонымен қоса, қонақ қолды тек үйде жуу керек, ол өзімен үйдегі тамақ қалдықтарын сыртқа шығармауы керек.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты мифологиялық, діни сюжеттерді қарастырудың мағынасы бар: олар қонақжайлылықтың абстрактілі теориясын, сондай-ақ қонақжайлылық заңын бұзудың немесе оған барудың нақты мысалдарын бір дәрежеде біріктіреді. Сонымен қатар, бұл сюжеттер терең антропологиялық және уақыт өте келе, адамдар топтары мен өркениеттерінен бөлек дамымайды. Қонақжайлылық актісінің деңгейінде отбасы, тайпа, тарихи контекст заңы қолданылады; дерексіз акт деңгейінде «өзінің» және «басқалардың» арасында айқын айырмашылық бар. Жак Деррида осы екі деңгейді келесі ұғымдармен білдіреді: "абсолюттік" және "шартты" қонақжайлылық. Мұндай айырмашылық бізді бір жағынан тартады, себебі ол белгілі бір істерді жалпы ережелерге тәуелді түрде қарауға мүмкіндік береді (мысалы, мифологиялық сюжеттер контекстінде, әрине, мифтің орнына, дәстүрлі, әдет-ғұрып немесе күнделікті тәжірибе болуы мүмкін). Екінші жағынан, мінез-құлық үлгісі ретінде "өзім – бөтен" моделін қабылдау біздің ойымызша, адамдар мен қауымдастықтар арасындағы себеп-салдарлық және мінез-құлық байланыстарын дұрыс орнатуға мүмкіндік береді. Бұл "өзім – бөтен" үлгісінің белгілі бір бос болуына және

контекстен тыс болуына қарамастан, дегенмен, жоғарыда көрсетілгендей, ол әрдайым адамдардың өзара іс-қимылының теориялық немесе практикалық мысалына сүйенеді.

Қазақ қонақжайлығын исламмен байланыстыратын көзқарас бар. «Мұсылмандар үшін қонақ күту – үлкен сауап. Олар қонақты «ниғмет» деп санауға тиіс. Әрбір мұсылман қонақ күтуді өзіне сауап жазылатын әдемі мүмкіндік деп сезінгені жөн. Ислам шариғаты осыған үндейді. Ұлық Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) хадис-шәріптерінде мынандай өсиет айтылған: «Аллаһу Тағала бір қауымға жақсылық тілесе, оларға сыйлық ретінде қонақ жібереді. Қонақ рызығымен келеді. Аллаһу Тағала ол үйдің тұрғындарын кешіреді» [13, 253 б.].

«Қазақ қонақжайлығының тағы бір ерекше қыры – қонақты күтудің тек оған ас-су беріп, жатын орынмен қамтамасыз етуді ғана қамтымай, қонақасыдан кейін қонақ құрметіне «ауылдың алты ауызының» айтылып, қонақтан «қонақкәде» сұралуы. Қонақкәде сұрау өнер көрсетіңіз деген өтініш. Бұл – қазақ халқының жаңаны білуге құштарлығы, киелі өнерге құрметі. Қонақкәде айта алмау – ыңғайсыз жағдай. Қазақ «Өлең түгіл сөз қиын ақылы азға, еркем-ай» дегендей, «Жігітке жеті өнер де аз» деп, жастайынан өнерге баулыған. Қазақтың киелі дастарханында киелі өнері дәріптелген.

Қонақ күту өз алдына, қонақ бола білу де өнер. «Қонақ атаңнан да үлкен», «Қонақ таңдап қонады», «Қырықтың бірі – Қыдыр» деп, төрге шығарып, қонағының алдында құрақ ұшқанымен, қонақ өз орнын білуі тиіс.

Қазақ қонақжайлығы белгілер мен ишараларға толы, өзіндік ерекшеліктері мен рәсімдері мол өте күрделі әлеуметтік – мәдени құбылыс. «Адамның күні – адаммен» деген қағидатты қалтқысыз ұстанған қазақ халқының қонақжайлығы – Ұлы Дала феномені» [14, 85-86 б.].

Осылайша, біз алдын ала қорытынды жасай аламыз. Ең алдымен, "мен – өзге" оппозициясы арқылы (немесе Жак Дерриданың мәтініне сүйенетін болса, "өзіңе – өзгеге") философиялық түсінік ретінде қонақжайлықты зерделеудің негізгі жолы анықталды. Дегенмен, мұндай оппозиция бос екенін көрсетті және тек пішін бере алады, бірақ мазмұны емес. Мазмұны – тарихи контекст, адамдар арасындағы нақты қарым-қатынас, дәстүр-адамдардың оң өзара іс-қимылына негізделген әлеуметтік институт ретінде қонақжайлықтың өмір сүруі мен дамуына мүмкіндік береді. Қонақжайлықты зерттеу үшін негіз ретінде біз адамдар арасындағы қарым-қатынас тәсілдерін, осы қарым-қатынастардағы шекаралар мен символдық толымды, адамның айқындылығы мен басқа адамға бағыттылығын жиі байқаймыз.

#### Қолданылған әдебиет тізімі

1. Суперанская А.В., Подольская Н.В., Васильева Н.В., Общая терминология/ Отв.ред. Т.Канделаки. Изд-е 3-е, стереотип. –М: Едиториал УРСС. 2004..
2. Уокер Дж. Р. Введение в гостеприимство/Пер. с англ. М.: ЮНИТИ, 1999.
3. Жабес Э. Книга гостеприимства / пер. с фр. – М.: Комментарии, 2010. 62 с.
4. Зенкин С. Н. Небожественное сакральное. Теория и художественная практика. – М.: Изд-во РГГУ, 2012. 537 с.
5. Benveniste Emile. Problems in general linguistics. University of Miami Press, 1971. 317 p.
6. Phenomenologies of the Stranger. Between Hostility and Hospitality / eds Richard Kearney and Kascha Semonovich. – New York: Fordham University Press, 2011. 339 p
7. Дубровский И.В. Гостеприимство// Словарь средневековой культуры/ Под. ред А.Я.Гуревича. – М: Российская политическая энциклопедия (РОССПЭН), 2003. Серия «Summ culturagiae». С.120-125.
8. Монтадон А. Гостеприимство – этнографическая мечта? URL: <http://magazines.russ.ru/nlo/2004/65/monta5.html> (дата обращения: 08.02.2016).
9. Славянские древности. Этнолингвистический словарь: В. 5тт. Т.1 (Под ред. Н.И.Толстого). – М: Медународные отношения. 1995.

10. Фрезер Дж. Дж. Золотая ветвь: Исследование магии и религии /Пер. с англ. – М.:ООО АСТ, 1998.
- 11.Щепанская Т.Б. Культура дороги в русской мифоритуальной традиции XIX-XX вв. – М: Индрик, 2003.
- 12.Геннеп А., Ван. Обряды перехода: Систематическое изучение обрядов/ Пер. с франц. – М. Восточная литература, 2002.
- 13.«Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 жыл.
14. Адаева Г. Қазақ қонақжайлығы: мәдени – философиялық талдау// «Ұлы даланың жеті қыры және қазақ философиясының өзекті мәселелері» х/а ғылыми-теориялық конф.мат.жинағы. – Алматы: ҚазҰУ баспасы, 2019. 83-86 бб.